

**Оқушылардың іс-әрекеті туралы есеп беру 2025 жылдың
қыркүйек-желтоқсан айлары**

№ п/ п	Мероприятия	Дата проведения	Участники	Ответственные
1	Ағымдағы жылдың 10 қыркүйегі күні ШҚТУ-дың №1 және №3 жатақхана студенттері арасында кездесу өтті. Кездесу барысында жастар арасында отбасы құндылықтарын дәріптеу, студенттердің қаржылық сауаттылықтарын арттыру, сондай-ақ, 2025 жылғы Президент Жолдауы жөнінде ақпараттар берілді. Іс-шара отбасы күніне орай ұйымдастырылып, «Отбасы ошағы» жастар клубының қатысуымен өтті. Шара барысында спикерлер, отбасы құндылықтары мен дәстүрлерін насихаттап, отбасы институтының беделін нығайтуға, қазіргі қоғамдағы отбасына қатысты өзекті мәселелер мен құндылықтар жөнінде мағұматтар берді, студенттерге қаржылық сауаттылықтарын арттырып, алаяқтықтан қорғану жолдарымен таныстырды.	10.09.2025г.	Студенттер №1, №3 жатақханадан. «Қарызсыз қоғам» жобасының менторы Е.Жумагулов, психолог Жанар Қабидуллақызы	
2	2025 жылғы 11 қыркүйек күні Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде «Заң және тәртіп» нарративін ілгерілету шеңберінде ШҚО бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті мен ШҚО студенттер Альянсымен бірлесе отырып, халық арасында дропперліктің жолын кесу тақырыбында ақпараттық-түсіндіру жұмысы өткізілді. Студенттер жиі алаяқтардың құрбанына айналып, оларды дроппер ретінде пайдаланатын жағдайлар жиі кездесетіндіктен, кездесудің тақырыбы жастар арасында қызығушылық тудырды. Көрсетілген бейнеролик пен презентациядан бөлек, студенттер белсенділік танытып, бұл мәселеге қатысты өз ұстанымдарын білдірді. Кездесуде сондай-ақ, «Esirtkisiz Qazaqstan» жобасы аясында Шығыс Қазақстан облыстық «Esbol qogam» фронт-офисінің жетекшісі қордың жұмысымен таныстырып, есірткіге тәуелділік мәселесінің қауіптілігі жөнінде түсіндірді. Студенттерге граффитиді бояу рейдтерінің жүргізілетіндігі жөнінде ақпараттар беріліп, осы шараларға оларды да қатысуға шақырды.	11.09.2025г.	120-дан астам 1, 2 және 3 курс студенттері	
3	Bir tolqynda» ашық диалог алаңы өтті Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын түсіндіруге бағытталған «Bir tolqynda» атты диалог алаңы өтті. Кездесуді «Жастар Рухы» жастар қанатының ШҚО филиалы ұйымдастырды.	17.09.2025ж.	Кездесудің спикерлері: Быкова Марина Юрьевна – облыстық маслихат депутаты; Байтеряков Михаил Евгеньевич – Өскемен қалалық маслихат депутаты, инфрақұрылым және ТКШ мәселелері	

			жөніндегі комиссияның мүшесі; Хуанбай Аскерхан – Өскемен қалалық маслихат депутаты; Танир Ясса – «Сего» экологиялық даму орталығының негізін қалаушы.	
4	МНИЦ “Digital Social Research”: демографиялық қауіпсіздік пен цифрлық трансформация мәселелері ALTAY TV арнасының "Жаңа Қазақстан" бағдарламасының тікелей эфирі өтті. Бағдарламаның қонағы Элеонора Столярова, к. соң болды.Н., қауымдастырылған профессор, ГНС МНИЦ «Digital Social Research». Бұл кездесу Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Е. О. Столярова өңірлік және республикалық деңгейдегі демографиялық процестерді талдау және болжау жөніндегі орталықтың жұмысы туралы, 2022 жылы жарияланған және Орталық бетіндегі толық мәтінді нұсқада қолжетімді "Қазақстанның демографиялық қауіпсіздігі: әлеуеті, тәуекелдері мен болашағы" монографиясы туралы айтып берді. Сондай-ақ, ол ҚР ХӘҚМ ҒК қолдаған жаңа гранттық жобаларды іске асыру жоспарларымен бөлісті.	18.09.2025ж .	О. Столярова	ALTAY TV арнасы "Жаңа Қазақстан" бағдарламасы
5	Біздің студенттер «World Cleanup Day – 2025» экологиялық сенбілігіне белсенді қатысты Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ студенттері Өскемен қаласында өткен «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы «World Cleanup Day – 2025» экологиялық сенбілігіне қатысты. Шараны ШҚО Экология департаменті, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мен Өскемен қаласы әкімдігі бірлесіп өткізді. Акцияның негізгі алаңы Шмелёв Лог сайы болды. Мұнда 200-ге жуық волонтерлер, жоғары оқу орындары мен колледж студенттері, мемлекеттік органдар өкілдері және белсенді қала тұрғындары жиналды. Қатысушылар тұрмыстық қалдықтардан, пластик, әйнек және басқа да қоқыстардан үлкен аумақты тазартты. Нәтижесінде бірнеше тонна қоқыс жиналып, шығарылды. Барлық жұмыстар ұйымшыл әрі достық жағдайда өтті.	22.09.2025ж .	студенттер	
6	II Қазақстан-германия апталығы ШҚТУ-да: халықаралық ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктері Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті II Қазақстан-	22-26.09. 2025ж.	Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов, Қазақстан Республикасының	

	Германия апталығы «Ғылым және білім: Қазақстан мен Германияның серіктестігі» шарасының өткізілу алаңына айналды. Бұл шара Қазақстан мен Германияның жетекші университеттерін, сондай-ақ ғылым, білім және өнеркәсіп саласындағы негізгі ұйымдарды біріктірді. Апталықтың басты оқиғасы – Қазақстан мен Германия университеттері Консорциумына қол қою болды. Консорциум құрамына ШҚТУ, Қазақстан-Германия университеті, Рур университеті Бохум, Фрайберг тау-кен академиясы техникалық университеті, Клаусталь техникалық университеті, Дортмунд техникалық университеті және Дуйсбург-Эссен университеті енді. Консорциум тау-кен ісі, геология, циркулярлы өндіру, ақылды материалдар, энергетика және экологиялық технологиялар саласында зерттеулер мен білім трансферінің жетекші алаңына айналмақ.		ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек (онлайн форматта), Германия Федеративтік Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Моника Иверсен, Қазақстан-Германия университетінің президенті Волрад Роммель, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Өкерке Абылайханқызы, қазақстандық университеттердің проректорлары, техникалық бағыттағы колледж өкілдері, өнеркәсіптік кәсіпорындар, ШҚТУ-дың профессор-оқытушылар құрамы болды.	
7	Іскерлік ынтымақтастық және «Сорғы станциялары және су тарту құрылыстары» және «Су шаруашылығы кешенін пайдалану» пәндері бойынша дуальды оқытуды енгізу аясында Октябрь су алғышына экскурсия ұйымдастырылды	22.09.2025ж	24-ВРК-1, 23-ВРК-1, 22-ВРК-1 және 22-ВРК-1 топтарының «Су ресурстары және суды пайдалану» білім беру бағдарламасының студенттері	Аға оқытушылар Давыдов Ю.Ф., Колесников А.В.
8	Ата Заң – жастар көзімен: құқықтар мен мүмкіндіктер жөнінде дөңгелек үстел Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған дөңгелек үстел өтті. Іс-шара «Галстуксыз диалог» форматында – студенттер мен құқық саласындағы сарапшылар арасындағы ашық әрі бейресми әңгіме түрінде ұйымдастырылды. Кездесудің басты тақырыбы – қазіргі қоғам жағдайындағы жастардың құқықтық тәрбиесі мен құқықтары жөнінде болды. Спикерлер өз тәжірибелерімен бөлісіп, өзекті құқықтық мәселелерді талқылап, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. Студенттерді кеңінен қамту мақсатында онлайн-қосылу мүмкіндігі ұйымдастырылып, студенттерге іс-шараға қашықтан қатысуға мүмкіндік алды.	22.09.2025ж	Шығыс Қазақстан облысы заң консультанттары палатасының өкілдері, университеттің студенттері мен оқытушылары қатысты.	
9	Сарапшылармен кездесу: жастарды қаржылық алаяқтықтан қорғау «Фридом Банк Қазақстан» АҚ Өскемен қалалық филиалының өкілдері мен ШҚО Полиция департаментінің Киберқылмысқа	23.09.2025ж	студенттер	«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Өскемен қалалық филиалының өкілдері,

	қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілінің қатысуымен кездесу өтті. Іс-шара барысында интернет-алаяқтық, дропперлікке байланысты қылмыстық жауапкершілік және қаржылық сауаттылық мәселелері кеңінен талқыланды. Сарапшылар студенттерге алаяқтықтың түрлері, олардың алдын алу жолдары және қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша практикалық кеңестер ұсынды. Полиция департаментінің өкілі киберқылмыстарға қарсы күрестің заңдық негіздері мен соңғы тенденциялары туралы мәлімет беріп, алаяқтық құрбаны болмау үшін қажетті сақтық шараларын атап өтті. Бұл кездесу — қаржылық сауаттылықты арттыру және азаматтардың өз қаржыларын қорғау мақсатындағы маңызды іс-шаралардың бірі. Мұндай ынтымақтастық аясында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады. Спикерлер студенттерге алаяқтар мен дропперлерден қалай сақтану керектігін көрнекі материалдар, презентациялар және бейнероликтер арқылы түсіндірді. Қаржылық алаяқтықтың әртүрлі түрлері туралы нақты әрі қолжетімді ақпарат берілді. Сонымен қатар, құқықтық сауаттылықтың маңыздылығы ерекше атап өтіліп, заң аясында өз құқығын қорғау жолдары түсіндірілді. Студенттерге қаржылық қауіпсіздікті сақтау үшін абай болу және күдікті жағдайларды хабарлау қажеттігі ескертілді.			ШҚО Полиция департаментінің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі
10	«Дәстүр сабақтастығы» танымдық дәріс Бизнес мектебі, «ҚТЖӘСП» кафедрасындағы «Алтын бесік - Мұзтау» клубының студенттеріне «Дәстүр сабақтастығы» тақырыбында танымдық дәріс өткізілді. Қазақ мәдениетінің бастауы болып табылатын көшпелілер өмірінде маңызды орын алатын малшаруашылығымен байланысты материалдық мәдениеттің түрлері таныстырылды. Бүгінгі күнге дейін жеткен дәстүрлі қолөнер туындыларының маңызы мен пайдасы көрсетіліп, жас ұрпаққа насихатталды. Тақырып бойынша слайд-презентация, видеоролик ұсынылды. Клуб мүшелері ұлттық құндылықтарымыз туралы ақпарат алып, қолөнерге деген қызығушылықтарын арттырды.	25.09.2025г.	Студенттер, іс-шара клуб жетекшісі мен ШҚО сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық мұражай-қорығының ғылыми қызметкері	
11	ШҚТУ студенттері жаңа театр маусымының ашылуында болды Жаңа театр маусымының ашылуына ШҚТУ студенттері қатысты. Қазақ драматургиясының алтын қорына енген шығарма – «Шынарым менің, Шарайым менің» спектаклінің премьерасы.	24.09.2025ж	Студенттер, кураторлар	
12	ШҚТУ жатақханасындағы санитариялық-ағартушылық сағат Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ №1	24.09.2025ж	студенттер	медицина орталығының қызметкері мен

	жатақханасында студенттер арасында маңызды санитарлық-ағартушылық сағат өтті. Іс-шараны университеттің медицина орталығының қызметкері мен тәрбиеші-педагогтар бірлесіп ұйымдастырды. Кездесудің тиімділігін арттыру мақсатында шара ұлдар мен қыздар үшін жеке бөлек өткізілді. Кездесу барысында студенттерге күнделікті өмірде жеке бас тазалығын сақтау, тұрмыстық ортада санитарлық талаптарды орындаудың маңыздылығы түсіндірілді. Бұл, ең алдымен, денсаулықты сақтауға және жұқпалы аурулардың алдын алуға ықпал ететіні атап өтілді. Репродуктивті денсаулықты сақтау, ерте жыныстық қатынастың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.			тәрбиеші-педагогтар бірлесіп ұйымдастырды.
13	«Ерік-жігер» дебаты Бизнес мектебі, «ҚТ ж ӘСП» кафедрасындағы «Өзіңді таны» атты психологиялық клубында 2-ші курс студенттерінің қатысуымен «Психологиядағы ерік түсінігі. Адамның ерік қасиеттері және оларды дамыту» тақырыбында дебат өткізілді. <i>Іс-шараның мақсаты:</i> клуб мүшелерінің рухани болмыстарын ояту, өздерінің ерік қасиеттерін түсіну, оң қасиеттерді дамыту негізі ретінде өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін қалыптастыру. Ерік адамға табиғи түрде берілмейді, ол тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу процесінде, өзімен күресте қалыптасады. Ал өзін жеңген адам әлемді жеңеді. Ерік күшінің маңыздылығы мақсатқа жетуге ұмтылу, қиындықтар мен кедергілерді жеңуге мүмкіндік жасау. Дебат барысында студенттер ерік күші ұғымы, оның өмірдің барлық салаларына қалай әсер ететіні және әртүрлі мақсаттарға жетуге көмектесетіні талқыланды және ерік қасиеттерін дамыту қаншалықты маңызды екенін және оларды қалай дамытуға болатыны туралы ұсыныстар алды.		2-ші курс студенттері	
14	Студенттерімізді «ТІЛ ШЕБЕРІ» байқауындағы жарқын жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз! Биыл біз ұлы ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойын атап өтудеміз. Осы айтулы мерекеге орай Өскемен қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ұйымдастырған қалалық «Тіл шебері» байқауына қаламыздың тіл мұғалімдері мен студенттері қатысты. Оралхан Бөкей атындағы қалалық кітапханада өткен іс-шара үш кезеңнен тұрды. Байқауда қатысушылар өздерінің терең білімдері мен тіл шеберліктерін жоғары деңгейде көрсетті. Байқауға Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің	09.10.2025ж	Жарқынбаева Дильназ (24-ИСК-1 тобы) – II орын иегері, Нұрғалиев Бакдәулет (23-МКК-1 тобы) - Алғыс хатпен марапатталды!	Асавбаева Г.Б., Бакиева А.К., Ережепова С.К. және Калелова И.М.

	студенттері де қатысып, жүлделі орындарға ие болғанын асқан мақтанышпен хабарлаймыз!			
15	Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ FinIQ қаржылық қауіпсіздік диктантына қатысты Қазақстанда Қаржылық қауіпсіздік диктанты FinIQ басталды. Бұл бастаманы Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі ұйымдастырып отыр. Негізгі мақсат азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру, алаяқтықтан қорғану дағдыларын қалыптастыру. Диктант онлайн форматта өтеді – небәрі 20 сұрақ және 25 минут! Қатысушыларға сертификаттар мен жеңімпаз дипломдары табысталады, ал үздіктер - еске алу сыйлықтарына ие болады. Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті бұл бастаманы белсенді қолдады. Бұл - жастардың қаржылық мәдениетін және жауапкершілік сезімін арттырудағы маңызды қадам болды.	10.10.2025ж .	барлық факультет студенттері, оқытушылар, қызметкерлер мен университет ардагерлері қатысты.	
16	«ШЫҒЫС САЛБУРЫНЫ-2025» ұлт рухын жаңғыртқан мереке! Шығыс Қазақстанда өткен V халықаралық бүркітшілер фестивалі халқымыздың ежелгі дәстүрін дәріптеген, ұлт рухын асқақтатқан ерекше мәдени оқиға болды. Фестивальге Венгрия, Испания, Қырғызстан, Ресей, Моңғолия және Қытайдан келген бүркітшілері қатысты. Сонымен қатар еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған саятшылар өз өнерлерін көрсетіп, ұлттық мерейімізді өсірді. Фестиваль аясында Шығыс Қазақстан облысының аудандары өз этноауылдарын ұйымдастырып, өңірдің мәдени келбетін, ұлттық қолөнерін, тағамдарын және тұрмыс дәстүрлерін көпшілікке таныстырды. Әр аудан өз ерекшелігімен көзге түсіп, көрермендерге нағыз этнофольклорлық мереке сыйлады.	14.10.2025ж .	студенттер мен шетелдік білім алушылары, сондай-ақ оқытушылар	
17	Тарихта жасыл із: ШҚТУ — Таза Қазақстан үшін! Осы аптада елімізде «Таза Қазақстан» атты кең ауқымды экологиялық акция өтті. Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті де аталған акцияны белсенді қолдады. Өскемендегі Амфитеатр алаңында Университет қатысушылары туған жерін көгалдандыруға үлес қосып, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасын қолдап, шырша отырғызды. Акцияға сондай-ақ облыс әкімі, жастар ұйымдарының өкілдері және бейжай қарамайтын тұрғындар қатысты.	11.10.2025ж .	Облыс әкімі, жастар,тұрақты даму офисінің қызметкерлері, Жер туралы ғылымдар мектебінің оқытушылары мен студенттері	
18	Республика күніне орай «ЕЛ РУХЫ» қалалық дебат турнирі өтті Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ «Еркін сөз» дебат клубы Республика күніне орай «ЕЛ РУХЫ» атты қалалық пікірсайыс турнирін	11.10.2025ж .	С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ жоғары ІТ колледжі, Абай атындағы Шығыс	

	ұйымдастырды. Барлығы 16 фракциядан 32 спикер сынға түсті. Университетіміздің түлектері және дебат клубымыздың аға буын өкілдері төрелік етіп, ойынның әділ өтуін қамтамасыз етті. Турнир қорытындысы бойынша қатысушылар сертификаттармен, жеңімпаздар дипломдар мен кубоктармен марапатталды. Жеңімпаздар ретінде Бақыт Баянды мен Дәуренұлы Диас танылды.		Қазақстан гуманитарлық колледжі, Жоғары медициналық колледж, Жоғары ҚАЕУ колледжі, Жоғары политехникалық колледж студенттері, НЗМ оқушылары және ШҚТУ түлектері қатысты	
19	ШҚО бойынша Экономикалық тергеу департаменті мен ҚР Қаржылық мониторингі агенттігінің өкілдерімен кездесу Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-де ШҚО бойынша Экономикалық тергеу департаменті мен Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің өкілдерімен бітіруші курстардың білім алып жатқан студенттермен кездесу өтті. Кездесудің негізгі мақсаты-студенттерді қаржы мониторингі саласындағы қызметтің міндеттері мен басым бағыттарымен таныстыру, сондай-ақ құқық қорғау органдары академиясына түсу ережелері және одан әрі жұмысқа орналасу шарттары туралы ақпаратпен таныстыру.	14.10.2025ж	6B11301 — Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану, 6B04106 — Ғылымды қажетсінетін кәсіпорынның қаржыларын басқару, 6B04104-Есеп, талдау және кәсіпорындағы аудит, 6B04109 — Мемлекеттік қаржылық менеджмент, 6B06102 — Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, 6B06103 — Математикалық және компьютерлік модельдеу білім беру бағдарламалары бойынша	
20	ШҚТУ-де өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді Серікбаев атындағы ШҚТУ бас ғимаратында ШҚО ТЖ департаменті қызметкерлерінің қатысуымен және студенттерімен жоспарлы өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді. Іс-шараның мақсаты – өрт шыққан жағдайда университеттің басшылық құрамы, профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен білім алушылардың бірлескен, үйлесімді іс-қимылдарын пысықтау болды. Оқу-жаттығу жоспарына сәйкес, қызметкерлер мен студенттерді қауіпсіз аймаққа дер кезінде хабарлау және эвакуациялау шаралары жүзеге асырылды. Жиналу орны ретінде Технопарк жағындағы алаң белгіленді. Мектептердің және құрылымдық бөлімшелердің басшылары ғимараттан адамдарды эвакуациялауды ұйымдастырды. Жиналу орнында қызметкерлер мен студенттердің бар-жоғы тексерілді.	16.10.2025ж	ШҚО ТЖ департаментінің қызметкерлері мен университеттің ПОҚ, қызметкерлері және студенттері	
21	Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-де «ЖҰМЫСШЫ БОЛСАН, МЫҚТЫСЫН!» студенттік мансап форумы өтті Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ	17.10.2025ж	ШҚТУ мен аймақтағы техникалық бағыттағы колледждердің студенттері	

	университеттің көпжылдық стратегиялық серіктесі - «Kazzinc» кәсіпорнының ұйымдастыруымен «Жұмысшы болсаң, мықтысың!» атты студенттік мансап форумы өтті. Форумның басты мақсаты – жастарға кәсіби өсу мүмкіндіктерін көрсету, жұмысшы мамандықтарының маңызын ашып, өндірістен бастап басшылық қызметтерге дейін жеткен түлектердің табысты еңбек жолдарын үлгі ету. Форум тәжірибелік тұрғыдан да пайдалы алаңға айналды. Шеберлік сабақтарында қатысушылар түйіндеме жазу, сұхбаттасуға дайындалу, тиімді коммуникация, қаржылық сауаттылық және өзін таныта білу дағдыларын жетілдірді.			
22	"Нан — байлық, Республика — мақтаныш!" Нан күні бүкіл әлем бойынша ең маңызды, сүйікті және құрметті тағамдардың бірі болып саналады. Бұл күнді атап өту үшін ШҚТУ Жоғары IT колледжі 1 курс студенттерінің ынтасымен ұйымдастырған қайырымдылық үй өнімдері жәрмеңкесін өткізуді дәстүрге айналдырды.	16.10.2025ж .	ШҚТУ Жоғары IT колледжі 1 курс студенттері	
23	ШҚТУ-да жастардың психологиялық әлауқаты мен салауатты өмір салты талқыланды Университеттің психологиялық қызметі мен Қазақстан Республикасының Қоғам дамуын акпараттық қолдау қоры, Өскемен қаласы ішкі саясат бөлімінің тапсырысы бойынша жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік маңызы бар <i>«Жастар арасында суицидтік мінез-құлықтың, құқықбұзушылықтың, лудоманияның алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру»</i> жобасы аясында университет пен Жоғары IT колледжі студенттеріне арналған семинар өткізді. Семинар барысында тәуелділіктің әртүрлі қырлары қарастырылды. Мамандар оның түрлерін (химиялық және мінез-құлықтық), пайда болу себептерін (психологиялық және әлеуметтік), даму тетіктері мен еңсеру тәсілдерін түсіндірді. Кездесуде психоактивті заттарға (алкоголь, есірткі) тәуелділік пен мінез-құлықтық тәуелділіктің (лудомания - ойынкұмарлық, интернетке, тамаққа тәуелділік) түрлері талқыланды. Сонымен қатар, тәуелділіктің дамуына әсер ететін факторлар: тұқымқуалаушылық бейімділік, психологиялық ерекшеліктер (стресс, төмен өзін-өзі бағалау), әлеуметтік орта мен мәдени нормалар жайлы айтылды.	21.10.2025ж .	Жоғары IT колледжінің студенттері	
24	Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің «DIGITAL SOCIAL RESEARCH» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы «Қазақстанның қалалық кеңістігін қалыптастырудың ерекшеліктері» атты вебинарға қатысты	21.10.2025ж .	тарих ғылымдарының кандидаты Гонина Наталья Владимировна, Ресей Федерациясы, Новосибирск қаласы, Ресей Федерациясы Сібір бөлімшесінің	

	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен «Қазақстанның шығысы: Семей және Өскемен қалалық кеңістігін әлеуметтік-демографиялық және әлеуметтік-мәдени трансформациялау траекториясы» АР26198933 гранттық жобасын іске асыру шеңберінде «Қазақстанның қалалық кеңістігін қалыптастыру ерекшеліктері» тақырыбында вебинар өтті. «DSR» ХҒЗО ғылыми қызметкерлері жобаны іске асырудың бастапқы нәтижелерін ұсынды. Сондай-ақ, қазақстандық урбанистика мәселелерін зерттейтін басқа да қазақстандық ғылыми орталықтардың (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - Сәуле Кәрібайқызы Удербасова, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; "Стратегия "әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы" қоғамдық қоры - Расул Аманғалиұлы Қоспановтың, философия магистрі) өкілдері сөз сөйледі. Іс-шараның мақсаты - жобаны іске асырудың бастапқы нәтижелерін ұсыну, сондай-ақ басқа да қазақстандық ғылыми орталықтар өкілдерінің (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - Сәуле Кәрібайқызы Удербасова, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; "Стратегия "әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы" қоғамдық қоры - Коспанов Расул Аманғалиұлы, философия магистрі) баяндамаларын тыңдау қазақстандық урбанистика мәселелерін зерттейді.		Тарих институтының аға ғылыми қызметкері Винокурова Анна Викторовна, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, Алыс Шығыс федералдық университетінің (Владивосток, Ресей Федерациясы) доценті және т.б. қатысты Тиникова Елена Евгеньевна, тарих ғылымдарының кандидаты, Хакас тіл, әдебиет және тарих ғылыми-зерттеу институты (Абакан, Ресей Федерациясы).	
25	Денсаулыққа қамқорлық – амандықтың кепілі! Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-де әйел қызметкерлерге арналған профилактикалық медициналық тексеру өтті. Іс-шара Шығыс Қазақстан көпсалалы онкология және хирургия орталығының маммология және онкогинекология бөлімшесінің мамандарымен бірлесе ұйымдастырылды. Қабылдауды бөлімше меңгерушісі С.Б. Мұхамеджановтың жетекшілігімен тәжірибелі дәрігерлер жүргізді. Әйелдер кәсіби кеңес алып, профилактикалық тексеруден өтті және өз денсаулығын сақтау бойынша ұсыныстар алды. Жүзден астам қызметкер медициналық тексеруден өтті.	29.10.2025ж	Маммология және онкогинекология кафедрасының дәрігерлері	
26	ВІ Group компаниясының өкілдерімен кездесу Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде студенттердің Орталық Азияның ірі даму компаниясы-ВІ Group өкілдерімен кездесуі өтті. Компания менеджерлері тұсаукесер өткізді, оның барысында холдинг қызметінің бағыттары, жас мамандар үшін негізгі жобалар мен мансаптық мүмкіндіктер туралы әңгімеледі.	03.11.2025ж	Студенттер	ВІ Group менеджерлері

27	«Медицина инженериясындағы инновациялар. Отандық медициналық құрал-жабдықтар мен медициналық мақсаттағы өнімдердің үлгілерін жасау технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы дөңгелек үстел Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-де «Медицина инженериясындағы инновациялар. Отандық медициналық құрал-жабдықтар мен медициналық мақсаттағы өнімдердің үлгілерін жасау технологиясын әзірлеу» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Шара BR24992786 «Отандық медициналық құрал-жабдықтар мен медициналық мақсаттағы өнімдердің үлгілерін жасау технологиясын әзірлеу» жобасын жүзеге асыру аясында өткізілді.	04.11.2025ж .	40-тан астам өкілі – ғалымдар, инженерлер, Өскемен қаласының ауруханаларының тәжірибелік дәрігерлері, Satbayev University, Назарбаев Университеті, Санкт-Петербург мемлекеттік техникалық университеті (Ресей), Kyungsung University (Оңтүстік Корея), Zagreb University (Хорватия) өкілдері, сондай-ақ Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ «Smart Engineering» құзіреттілік орталығының мамандары қатысты.	
28	Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-да макулатура жинау байқауының нәтижелері жарияланды Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-де 2025 жылдың 2–16 маусымы аралығында өткен макулатура жинау байқауының қатысушылары марапатталды. Инициатива экологиялық мәдениетті дамытуға және университет қауымдастығын қоршаған ортаны қорғауға бағытталған нақты іс-шараларға тартуға бағытталды. Акция республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық қозғалысы аясында өтті. Бұл бастаманың мақсаты азаматтардың табиғатқа деген жауапты көзқарасын қалыптастыру, қалдықтардың көлемін азайту және экологиялық мәдениетті арттыру. Университеттің осы акцияға белсенді қатысуы тұрақты даму саласындағы ұлттық және өңірлік міндеттерді жүзеге асырудағы жүйелі жұмыстың бір бөлігі болып табылады. Байқау барысында жүздеген килограмм қайта өңдеуге жарамды материалдар жиналды. Жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Сыйлықтар экологиялық және Well-being тұжырымдамаларына сай дайындалып, пайдалы, көп рет қолдануға болатын және ұзақ мерзімді заттарға басымдық берілді.	06.11.2025ж .	студенттер	
29	Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ халықаралық «Интеллект формуласы» зияткерлік Чемпионатының аймақтық кезеңінің өткізу алаңына айналды «Интеллект формуласы» халықаралық мектеп оқушылары арасындағы зияткерлік ойындарының аймақтық кезеңі өтті. Бұл чемпионат Қазақстан, Өзбекстан, Беларусь және Ресей Федерациясы елдерінің жас зияткерлерін біріктіреді. Біздің Республикамыздағы ойындардың ұйымдастырушылары - Қазақстанның	07.11.2025ж .	Өскемен мен Риддер қалаларының мектеп-лицейлері мен гимназияларының оқушылары	

	Ядролық қоғамының Жастар бөлімі. Көпжылдық дәстүрге сай, олар инженерлік және техникалық бағыттарды насихаттауға ең қолайлы орын ретінде Д. Серібаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетін таңдады. Нәтижесінде, 15 қарашада Астанада өтетін Халықаралық және Қазақстандық финалдарға қатысуға Өскемен қаласынан №34 мектеп-лицейі мен Риддер қаласынан №1 мектеп-лицейінің командалары шақырылды.			
30	Жаңа ортаға сенімді қадам: ШҚТУ студенттеріне арналған бейімделу тренингі Университетімізде ағымдағы жылдың 16 қыркүйегі мен 31 қазаның аралығында барлық 1-курс студенттеріне арналған бейімделу тренингі өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – студенттердің жаңа оқу ортасына бейімделуіне және оқу топтарында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал ету болды. Тренинг барысында студенттер: ○ Бір-бірімен жақынырақ танысып, жақын қарым-қатынас орнатты. ○ Топтық бірлікті нығайтуға бағытталған ойын ойнады. ○ Университеттің психологиялық қызметі туралы ақпарат алды.	07.11.2025ж .	1 курс студенттері	
31	Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-да «Жастардың Қазақстанның климаттық саясатын іске асырудағы рөлі» атты өңірлік дөңгелек үстел өтті Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде «Өңірлік диалог: жастардың Қазақстанның климаттық саясатын іске асырудағы рөлі» атты өңірлік дөңгелек үстел өтті. Іс-шара LCOY Kazakhstan 2025 бастамасы аясында - БҰҰ Рамалық конвенциясы жөніндегі хатшылық жанындағы YOUNGO жастар қанаты мойындаған жаһандық жастар үдерісінің бір бөлігі ретінде ұйымдастырылды және экологиялық мәдениетті дамыту мен халықты табиғатты қорғау және климат мәселелерін шешуге тартуға бағытталған республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық қозғалысының мақсаттарын қолдады. Іс-шараның мақсаты - Шығыс Қазақстан жастарын климаттық бастамаларға тарту және климаттың өзгеру салдарын бейімдеу мен жұмсарту жөніндегі өңірлік ұсыныстарды әзірлеу үшін ашық диалог алаңын құру болды.	10.11.2025ж .	Жастар, студенттер	Дөңгелек үстел ШҚТУ-дың Тұрақты даму офисінің қолдауымен, сондай-ақ United Central Asian Professionals (ҚҚ «Қазақстанның Су серіктестігі»), Climate for Us, Фридрих Эберт қорының Қазақстандағы өкілдігі және CAN BEKЦА серіктестігімен ұйымдастырылды.
32	30 қазан күні №1 жатақханада студенттермен кездесу өтті. Іс-шараға әлеуметтік және тәрбие жұмысы департаментінің өкілдері, университеттің ішкі қауіпсіздік қызметі, сондай-ақ құқықбұзушылықтардың алдын алу жөніндегі инспектор қатысты. Кездесуде ішкі тәртіп ережелері,	30.10.2025ж. 07.11.2025ж .	№1 общежития студенттері	

	санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау, қауіпсіздік шаралары және әкімшілік пен қылмыстық құқықбұзушылықтардың алдын алу мәселелері талқыланды. 07 қарашада жатақхананың акт залында Шығыс Қазақстан облыстық психикалық денсаулық орталығының маманымен студенттер арасында есірткі, никотин және алкогольдің адам ағзасы мен психикасына зияны туралы түсіндіру әңгімесі өтті. Кездесуде тәуелділіктің белгілері, оны жеңудегі ерік-жігер мен отбасы қолдауының маңызы, сондай-ақ салауатты өмір салтының артықшылықтары талқыланды.			
33	ШҚТУ өкілдері Титано-магний комбинаты музейімен танысты Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ мен өнеркәсіптік серіктестер арасындағы іскерлік ынтымақтастық аясында университеттің өкілдері Қазақстандағы бірегей Усть-Каменогорск Титано-магний комбинатының музейімен танысты. Іс-шараға университеттің басшылығы, ректорат, мектептердің декандары және бөлімше жетекшілері қатысты. Экскурсия барысында қатысушылар титанды және магнийді өндірудің толық технологиялық циклымен танысып, бұл металдардың өнеркәсіп пен ел экономикасы үшін стратегиялық маңызын, сондай-ақ комбинатта қолданылатын заманауи инновациялық технологияларды көрді. Арнайы назар авиация мен ғарыш саласы, кеме құрылысы, энергетика, медицина және химия өнеркәсібінде қолданылатын титанды пайдалану мәселесіне аударылды.	12.11.2025ж .	ШҚТУ өкілдері	
34	"Дәстүр - сәнде" челленджі Құрметті әріптестер! Сіздерді "Дәстүр - сәнде" челленджіне қатысуға шақырамыз! Біздің университеттің қызметкерлері мен студенттерін әр сәрсенбі сайын қазақтың ұлттық киімін немесе ұлттық стиль элементтерін киюге шақырамыз. Бұл - мәдениетіміздің сұлулығы мен байлығын көрсетуге, дәстүрлерімізбен бөлісуге және бірлік пен мақтаныш рухын қалыптастыруға тамаша мүмкіндік. Челленджге қосылыңыздар!	12.11.2025ж .	ПОҚ, қызметкерлер, студенттер	ТҚО
35	AI-SANA: EKTU DEMO DAY – Қазақстан технологияларының болашағына бағытталған студенттік инновациялар! Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-де «AI-Sana: EKTU Demo Day» атты негізгі күзгі форум өтті. Іс-шара ұлттық AI-Sana бағдарламасы аясында, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Шығыс Қазақстан облысының Цифрландыру және архивтер басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды. AI-Sana- жас зерттеушілерді, студенттерді және индустрия мамандарын біріктіріп, жасанды интеллект технологияларын	14.11.2025ж .	студенттер	

	қолданатын инновациялық цифрлық шешімдер әзірлеуге мүмкіндік беретін бірегей платформа. Бағдарлама жобалық мәдениетті дамытуға, перспективалы идеяларды қолдауға және жасанды интеллектті белсенді қолданатын Қазақстанның жаңа технологиялық көшбасшыларын даярлауға бағытталған. Форумның басты оқиғасы - студенттік жобаларды қорғау болды. Студенттер түрлі салалардағы процестерді жақсартуға және өмір сапасын арттыруға бағытталған практикалық жобалардың кең спектрін ұсынды.			
36	ШҚТУ студенттері мәдени-рухани дамуды театр арқылы жалғастыруда ШҚТУ студенттері кураторларымен бірге рухани-мәдени сағаттарын театр қойылымдарын тамашалау арқылы өткізуді жалғастыруда. Іс-шараның негізгі мақсаты – жастардың рухани дүниесін байыту, өнерге деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ студенттердің сабақтан тыс бос уақыттары мен демалыс күндерін тиімді ұйымдастыру болып табылады. Студенттердің Шығыс Қазақстан облыстық драма және оперетта театрының қазақ, орыс және жастар труппаларының спектакльдерін өз қалаулары бойынша таңдап көру мүмкіндігі бар. Әрбір қойылымнан алған әсерлерімен бөліскен студенттер актерлердің кәсіби шеберлігі мен театр ұжымының еңбегіне жоғары баға берді. Ал театр қызметкерлері жастардың өнерге деген қызығушылығының артып келе жатқанына ризашылықтарын білдірді	17.11.2025ж	Студенттер, кураторлар	
37	«Отбасылық құндылықтар» тақырыбында кездесуі өтті ШҚО-ң ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-де кәсіби психологтардың қатысуымен «Отбасылық құндылықтар» тақырыбында студенттерге арналған кездесу өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – жастардың отбасылық дәстүрлерге саналы көзқарасын қалыптастыру, психологиялық сауаттылықты арттыру, сондай-ақ дені сау қарым-қатынас пен үйлесімді қатынас орнату дағдыларын дамыту. Психологтар отбасының жеке тұлға ретінде қалыптасудағы маңыздылығы, сенім мен өзара қолдаудың рөлі туралы айтып, отбасылық қатынастарды нығайту жөнінде ұсыныстармен бөлісті. Кездесу барысында студенттер талқылауға белсенді қатысып, сұрақтар қойып, тұлғааралық байланысқа қатысты практикалық жағдайларды қарастырды.	18.11.2025	Студенттер, психологтар	ШҚО-ң ішкі саясат басқармасы
38	Қазақ әдебиетімен өткізілген ерекше күн Қазақ әдебиетімен қауышқан ерекше күн Д.Серікбаев атындағы ШҚТ-нің Foundation	20.11.2025г.	ШҚТУ–ң Foundation бағдарламасының студенттері	

	бағдарламасы тыңдаушылары Шығыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында ұйымдастырылған «Қазақ әдебиеті Live» атты зияткерлік викторинаға қатысып қайтты. Шараның мақсаты – жасөспірімдердің ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, білімін тереңдету және шығармашылық ойлауын дамыту. Викторина Kahoot форматында өтіп, қатысушыларға қазақ әдебиетінің классиктері мен қазіргі заман қаламгерлеріне қатысты сұрақтар ұсынылды. Балалар тапсырмаларға ерекше қызығушылық танытып, белсенділік көрсетіп, өз білім деңгейін паш етті. Шараның ерекше сәттерінің бірі – тыңдаушылардың әлемге әйгілі қазақстандық бүркітші қыз Айшолпан Нұрғайыпқызымен кездесу болды. Жастарымыз батылдық пен табандылық жайлы құнды ой түйіп, өздеріне үлкен мотивация алды.			
39	ШҚТУ-да киберқауіпсіздік мәселелері бойынша кездесу өтті Д.Серикбаев атындағы ШҚТУ-де студенттер мен қызметкерлердің ШҚО Полиция департаментінің өкілдерімен ауқымды кездесуі өтті. Іс-шараның тақырыбы «Киберқылмыстар. Дропперлік. Кибербуллинг». Кездесу барысында құқық қорғау органдарының өкілдері интернет-алаяқтықтың кең таралған схемалары, азаматтарды дропперлік әрекеттерге тарту әдістері, кибербуллинктің түрлері және осындай қауіптерден қорғану шаралары туралы ақпарат берді. Спикерлер тәжірибеден алынған нақты мысалдарды ұсынып, жеке деректерді қалай қорғау және қаржылық шығындардың алдын алу жолдарын түсіндірді. Сонымен қатар қатысушыларға алаяқтық схемаларын, киберқорғаныс әдістерін және пайдаланушылар жиі жіберетін қателіктерді көрнекі түрде көрсететін бейнероликтер мен презентациялар ұсынылды. Іс-шара барысында цифрлық сауаттылық мәселелеріне, жеке ақпаратқа мұқият қараудың, сенімді құпиясөздерді пайдаланудың және екі факторлы аутентификацияның маңыздылығына ерекше назар аударылды.	20.11.2025ж	Студенттер және қызметкерлер ШҚО-ң полиция департаментінің өкілдерімен	
40	"Отбасы мен мектеп қиылысында әлеуметтену" семинары өтті Семинарды «Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі қазақстандық отбасы: жаңғырту жағдайындағы институционаралық өзара іс-қимылдың әлеуеті мен проблемалары» жобасының ғылыми жетекшісі, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты Э.О. Столярова әзірлеп, өткізді. Семинар барысында мектеп жасындағы бала мен жасөспірімнің жеке басын дамытудың	19.11.2025г.	Мектеп оқытушылары	Столярова Э.О.

	негізгі кезеңдері қаралды. Әрбір кезеңде тұлға меңгеруі тиіс базалық әлеуметтік білім мен дағдылар бөлініп көрсетілген. Отбасыларда жіберілетін қателіктер және оларды мектеп педагогтарының күшімен түзету мүмкіндіктері атап өтілді. Жеке бастың патологиясы мысалында отбасылық және білім беру институттарының қоғам алдындағы жауапкершілігін бөлу туралы мәселе талқыланды.			
41	ШҚТУ-да инклюзивті білім беру және кедергісіз жұмыс кеңістігін дамыту бойынша дөңгелек үстел өтті Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ “EduWEEK EKTU 2025” академиялық аптасының аясында «Инклюзивті білім беру ортасын және кедергісіз жұмыс кеңістігін дамыту» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға білім беру ұйымдары, әлеуметтік мекемелер және жұмыс берушілер өкілдері қатысты. Мақсаты: Инженерлік білім беру бағдарламаларына инклюзивті тәсілдерді енгізу және ерекше білім беру қажеттіліктері бар түлектерді қоса алғанда, баршаға тең еңбек мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жолдарын талқылау. Талқыланған негізгі мәселелер: инженерлік білім бағдарламаларына инклюзивті принциптерді интеграциялау; жұмыс берушілер талап ететін дағдыларды қалыптастыру; виртуалды зертханалар мен икемді тәжірибені дамыту; оқытушылардың инклюзивті педагогика бойынша біліктілігін арттыру; жұмыс берушілермен бірлескен механизмдер арқылы түлектерді жұмысқа орналастыру.	21.11.2025ж	Өскемен қаласының Мансап орталығы, «Ақ Ниет» мектеп-интернаты, АЭС Өскемен ГЭС	ШҚТУ
42	ШҚТУ ғылыми зерттеулерді ілгерілету үшін цифрлық платформалар бойынша воркшоп өткізді Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ ғылыми қызметті ілгерілету үшін халықаралық цифрлық платформаларды тиімді пайдалануға арналған практикалық воркшоп өтті. Іс-шара зерттеушілердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту және университеттің ғылыми нәтижелерінің жаһандық деңгейде көрінуін арттыру бастамасы аясында ұйымдастырылды.	20.11.2025ж	ШҚТУ ғылыми қызметкерлері	ШҚТУ
43	Университет студенттері ашық сот процесінің көрсетіліміне қатысты Қарағанды қаласының мамандандырылған ауданаралық қылмыстық сотында есірткі құралдарын контрабандалау және өткізу фактілері бойынша айыпталған азаматқа қатысты қылмыстық іс қаралды. «Заң және тәртіп» қағидатын іске асыру аясында Қазақстан Республикасы Бас көлік прокуратурасы мен ҚР Жоғарғы Сотының ұйымдастыруымен еліміздің жоғары оқу орындарына Zoom платформасы арқылы осы сот отырысына онлайн қосылу мүмкіндігі	20.11.2025ж	ШҚТУ студенттері	Қарағанды қаласының мамандандырылған ауданаралық қылмыстық соты

	ұсынылып, процесс ашық көрсетілді. Біздің университеттің студенттері де көрсетілімге қатысып, сот процесін онлайн режимде тамашалады. Бұл жастарға нақты сот тәжірибесін көруге, сот пен құқық қорғау органдарының жұмысымен жақын танысуға, сондай-ақ ауыр қылмыстардың құқықтық салдарын түсінуге мүмкіндік берді.			
44	«Наш Дом» жануарлар приютына көмек көрсетті Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-дың Тұрақты даму офисі Green Campus жобасының үйлестірушісі О. Петровамен және университеттің белсенді студенттерімен бірлесіп, «Наш Дом» жануарлар приютына гуманитарлық көмек жеткізу және волонтерлердің жұмысын қолдау мақсатында арнайы сапар ұйымдастырды. Акцияның мақсаты - баспанасыз жануарлардың жағдайын жақсарту, сондай-ақ жастар арасында экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік мәдениетін дамыту. Университет командасы жануарларға арналған жем, дәрі-дәрмек, күтім құралдары және басқа да қажетті заттарды табыстады.	24.11.2025ж	Тұрақты даму офисі, студенттер	Петрова О.
45	ШҚТУ студенттерімен ақпараттық кездесу: дропперліктен сақтану және вейптің зияны Қоғамдық қауіпсіздікті нығайту және жастардың құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында «Заң және тәртіп» идеясын жүзеге асыру аясында ШҚТУ-да кезекті ақпараттық кездесу өтті. Мұндай шаралар университетте жүйелі түрде өткізіліп, студенттер арасында алдын алу жұмыстарына елеулі үлес қосуда. ШҚО бойынша Экономикалық тергеп тексеру департаментінің жедел уәкілі В.Н. Толбаева студенттермен кездесіп, электрондық қаржылық қылмыстар саласындағы қазіргі қауіп-қатерлер мен вейп пайдаланудың зияндары туралы ақпарат берді.	26.11.2025ж	Студенттер	ШҚО бойынша Экономикалық тергеп тексеру департаментінің жедел уәкілі В.Н. Толбаева
46	Академиялық апта аясындағы Халықаралық мәдениет күні Академиялық апта аясында университетте әлемнің түрлі елдерінен келген студенттерді біріктіретін Халықаралық мәдениет күні өтті. Іс-шара ШҚТТИИ — цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мектебінің қолдауымен ұйымдастырылды. Мерекеге Пәкістан, Бангладеш, Йемен және Мысыр елдерінің өкілдері қатысты. Студенттер өз елдерінің мәдени мұрасының байлығын ұлттық музыка, дәстүрлі тағамдар, ұлттық киімдер арқылы, сондай-ақ туған жерінің тарихы, салт-дәстүрлері мен ерекшеліктері туралы баяндайтын презентациялар арқылы көрсетті.		ЦТЖЖИМ, Пәкістан, Бангладеш, Йемен және Мысыр елдерінің өкілдері	ШҚТУ
47	«Дәстүр сабақтастығы» шеберлік сағаты ШҚТУ, Бизнес мектебінің «ҚТЖЭСП»	28.11.2025ж	Клуб жетекшісі ШҚО сәулет-этнографиялық	ШҚТУ

	кафедрасындағы «Алтын бесік - Мұзтау» клубының студенттеріне «Дәстүр сабақтастығы» тақырыбында шеберлік сағаты өтті. Іс-шарада «құрақ құрау» қолөнері, «сәндік әшекей» қолөнері бойынша шеберлік сабағы өтіп, клуб қыздарына ою-өрнек, сәндік жастық, құрақ құрау тәсілдерімен таныстырылды. Шеберлік сабақтарды қаланың танымал шеберлері А.Т. Умбетова, А. Абиева өткізіп, клуб қыздарына ою-өрнек қиып, құрақ жасауды үйретті. Қазақ мәдениетінің бастауы болып табылатын көшпелілер өмірінде маңызды орын алатын малшаруашылығымен байланысты материалдық мәдениеттің түрлері таныстырылды. Бүгінгі күнге дейін жеткен дәстүрлі қолөнер туындыларының маңызы мен пайдасы көрсетіліп, жас ұрпаққа насихатталды.		және табиғи-ландшафтық мұражай-қорығының ғылыми қызметкері. Шеберлік сыныбына 24-МКК-1, 24-АУК-1, 24-БКБ-1, 25-БЭК, 24-ГДК-1, 24-РТК-1 және 24-УДК-1 топтарының студенттері	
48	ШҚТУ-да жастар арасында ойынға тәуелділікті ерте анықтау және алдын алу бойынша воркшоп өтті Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ базасында ШҚО басқармасының Өңірлік психологиялық қолдау және көмек орталығымен бірлесіп жастардың ойынға тәуелділігін ерте анықтау және алдын алу мәселелеріне арналған воркшоп өтті. Іс-шара АР26101217 «Қазақстандағы ойынға тәуелділіктің кешенді зерттеуі және алдын алу моделі: пәнаралық тәсіл» жобасын іске асыру шеңберінде өтті. Воркшоптың мақсаты педагогтардың, психологтардың және басқа да мүдделі мамандардың лудоманияның ерте белгілерін танудағы құзыреттілігін арттыру, сондай-ақ білім беру ортасы мен отбасында ойынға тәуелділік тәуекелдерін азайту бойынша алдын алу, сүйемелдеу және ведомствоаралық өзара іс-қимылдың практикалық дағдыларын дамыту болды. Воркшоп мектептер мен колледждердің педагогтарының, практик-психологтардың, білім беру органдарының, денсаулық сақтау мамандарының және зерттеу қоғамдастығы өкілдерінің сындарлы диалогы үшін кәсіби алаңға айналды.	27.11.2025ж	Студенттер, оқытушылар, психологтар	ШҚТУ, Облыстық психологиялық қолдау орталығы
49	«Заң және тәртіп» идеологиясы аясындағы дебат турнирі Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-нің «Еркін сөз» дебат клубының ұйымдастыруымен «Заң және тәртіп» нарративі аясында қалалық дебат турнирі өтті. Турнирдің мақсаты: зияткерлік әлеуеті мен шығармашылық потенциалы жоғары жастардың басын біріктіру арқылы қоғамдағы өзекті мәселелерге назар аударту, еліміздің белсенді жастарының «Заң мен тәртіп» тақырыбы төңірегіндегі ойларын бір арнаға тоғыстыру. Барлығы 16 фракциядан 32 спикер додаға түсті. Университетіміздің түлектері және дебат клубымының аға буын өкілдері төрелік етіп,	29.11.2025ж	Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ, Абай атындағы ШҚГК-і, Жоғары медициналық колледж, Жоғары ҚАЕУ колледжі, Жоғары политехникалық колледж студенттері мен Назарбаев Зияткерлік мектебі және №35 орта	ШҚТУ

	ойынның әділ өтуін қамтамасыз етті.			
50	Жеңіл ақшаның ауыр салдары: алаяқтардың құрбаны болудан сақтану жолдары «Заң және тәртіп» идеологиясы аясында ШҚО Экономикалық тергеп тексеру департаментінің өкілімен кездесу өтті. Спикер студенттерге дроп деген кім екенін және мұндай заңсыз схемаларға қатысудың қандай ауыр құқықтық салдарға әкелетінін түсіндірді. Кездесу барысында баяндамашы дроптардың – өздерінің банк карталарын, шоттарын немесе жеке деректерін үшінші тұлғаларға күмәнді қаржылық операциялар жасау үшін беретін адамдар екенін айтты. Көп жағдайда алаяқтар мұндай әрекеттердің заңсыз екенін жасырып, «жеңіл табыс» ұсынып алдайды. Дроптарды пайдалану – ақшаны жымқыру, азаматтарды алдау немесе қаржылық пирамидалар құру схемаларының бір бөлігі болып табылады.	03.12.2025ж	Студенттер, ШҚО бойынша Экономикалық тергеу департаментінің өкілі	ШҚТУ
51	2025 жылының Қазақстанның ең жасыл университеті ШҚТУ-да жыл сайынғы халықаралық онлайн-семинар «Green University» өтті. 2020 жылдан бері ШҚТУ халықаралық UI GreenMetric жасыл университеттер рейтингінің қатысушысы болып келеді. Жоғары деңгейден бастау алған университет соңғы алты жыл бойы экология және тұрақты даму бағытында еліміздегі көшбасшылықты сенімді түрде сақтап келеді. Биылғы рейтинг қорытындылары бұл позицияны тағы да растады. 1745 университеттің ішінде 139-орында, ал Қазақстан бойынша 1-орында, ТМД елдері арасында 3-орында болу - тұрақты жұмыстың нәтижесі. Мұндай жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге және оларды үздіксіз жақсартуға жасыл бастамаларды жүйелі түрде енгізу септігін тигізуде. Сол бастамалардың бірі Zoom платформасында өткен жыл сайынғы халықаралық онлайн-семинар «Green University». Семинарға Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, Беларусь, Түркия және Венгрия университеттерінен қатысушылар қосылды. Биыл шараға 200-ден астам адам тіркеліп, 30-ға жуық спикер өз университеттеріндегі Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) іске асыру тәжірибесімен бөлісуге ниет білдірді.	15.12.2025ж	ШҚТУ	
52	Шығыс Қазақстан облысы әкімі жанындағы облыстық әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның құрамына ғалымдардың қатысуы Шығыс Қазақстан облысы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның отырысы өтті. ШҚО-да отбасылық және гендерлік саясат	12.12.2025ж	А.Н. Алексеенко, тғд, Краснобаева, тғк., бас ғылыми қызметкер.	ШҚО Акимат

	тұжырымдамасын іске асыру бойынша бір жылғы жұмыс қорытындыланды. Өңірдегі демографиялық ахуал және оның динамикасына әсер ететін факторлар туралы Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ «Digital Social Research» Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы ғалымдары баяндама жасады: .Н.Алексеев, тарих ғылымдарының докторы, жетекші ғылыми қызметкер және Н.Л.Краснобаева, тарих ғылымдарының кандидаты, бас ғылыми қызметкер.			
53	Шығыс Қазақстан облыстық драма және оперетта театрында «Ауылдағы оқиға» спектаклінің премьерасы болды. Қойылымды Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің студенттері тамашалады.	12.12.2025ж	Студенттер	
54	“СТУДЕНТТІК СПАРТАКИАДА - 2025” жабылу салтанаты жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ерекше көтеріңкі көңіл-күймен өтті. Салтанат барысында спорт түрлерінен жарыс қорытындылары жарияланып, үздік командалар арнайы марапаттарға ие болды. Жабылу рәсімі жарыс күндерінің жарқын сәттерін қорытындылап, оқу жылының келесі жартыжылдығында өтетін спорттық бастамаларға қуатты серпін берді!	12.12.2025ж	университет басшылығы, ШҚТУ мектептерінің өкілдері, жаттықтырушылар мен студенттер	
55	«Өзінді таны» психологиялық клубы: студенттердің жеке және әлеуметтік дағдыларын дамыту 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап бизнес мектебінің «Қазақстан тарихы және саяси-әлеуметтік пәндер» кафедрасында <i>«Өзіңді таны»</i> атты психологиялық клуб жұмыс істейді. Клуб жетекшісі «ҚТ ж СӨП» кафедрасының оқытушысы М.О.Самадиева болып табылады. <i>Клуб жұмысының мақсаты:</i> жеке тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктерін ашу және болашақ маманның кәсіби қызметінде психологиялық білімді пайдалану үшін студенттердің психологиялық білімін кеңейту және тереңдету; студенттерге өздерін тануға, өздерінің күшті және әлсіз жақтарын жақсы білуге, өзін-өзі бағалауды дамытуға, сенімсіздік пен қорқынышты жеңуге көмектесу; өзін мінез-құлық пен іс-әрекетте барынша табысты және толық жүзеге асыру, өз құқықтары мен өзіндік құндылығын бекіту, сондай-ақ шығармашылық арқылы өзін-өзі көрсету кезінде жағымсыз эмоциялардың шегін төмендету. Клуб жұмысының мақсаттарын іске асыру жұмыстың белсенді нысандары, бірінші кезекте семинарлар және тренингтер арқылы жүзеге асырылады. Оларда студенттер психологиялық әдістер мен жаттығулар арқылы болашақ кәсіби қызметте де, күнделікті өмірде де көмектесетін мінез-құлық және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік алады.	15.12.2025ж	Студенттер, клуб жетекшісі оқытушысы М.О.Самадиева	

56	Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің №3 жатақханасының акт залында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған тәрбиелік-мағыналық кездесу өтті. Іс-шараға №1 және №3 жатақханалардың студенттері қатысты. Кездесу барысында Тәуелсіздік тарихына арналған фото және бейне роликтер көрсетіліп, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан ерлер мен ержүрек қыздардың есімдері аталды. Сонымен қатар, олардың фотосуреттері ұсынылып, ел тәуелсіздігі жолында жасаған ерліктері мен азаматтық батылдығы туралы кең көлемде ақпарат берілді. Аталған шара студенттердің ұлтжанды сезімін арттыруға, тарихи сананы қалыптастыруға және тәуелсіз еліміздің құндылықтарын дәріптеуге бағытталды.	15.12.2025ж	Оқытушы-тәрбиешілер:Тоқсанбай А.А., Тоқтасын А.М., Оралбекұлы Т.	
----	---	-------------	---	--